

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ АРАСЫНДА ЗАЕМ (ҚАЛА КӨЛІГІНІҢ ЖОБАСЫ) ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ЖАҒДАЙЛАР ТУҒЫЗУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 10 қаңтар 1994 ж. N 54

Банктің 1985 жылғы 1 қаңтардағы "Заемдар мен кепілдіктер туралы Келісімге қолданылатын жалпы шарттарды" (бұдан әрі - Жалпы шарттар) ескере отырып, Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту мен Даму Банкі (бұдан әрі - Банк) арасында заем туралы Келісім жасау және оны жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі арасында заем (Қала көлігінің жобасы) туралы Келісімнің шеңберінде қайтарымсыз кредит берудің негізгі шарттары туралы Ереже N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Заем туралы Келісім күшіне енгеннен кейін қайтарымсыз кредитті алушылар арасында қаражатты алдын-ала бөлуге сәйкес Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдеріне Ережеде белгіленген шарттармен Заемның шеңберінде қаржыландыратын 40 миллион АҚШ долларына тең сомадағы товарлар мен көрсетілетін қызмет қайтарымсыз кредит ретінде N 2 қосымшаға сәйкес б е р і л с і н .

3. "Қалалық жолаушылар көлігі саласындағы саясат пен іс-қимыл жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласы әкімдерінің Мәлімдемесі N 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы әкімдерінің алушы кәсіпорындарды белгілеу және Ережеде белгіленген шарттармен берілетін товарлар мен көрсетілетін қызметті бөлу туралы ұ с ы н ы с т а р ы құ п т а л с ы н .

5. Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері бір апта мерзімде бұрыннан бар жолаушылар көлігі паркін қалпына келтіру және жүргізушілер жетіспеушілігін жою мәселелерін қамтитын ішкіқалалық жолаушылар көлігі жұмысын жетілдіру жөніндегі шаралардың жоспарын жасап, бекітсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Экономика министрлігінің жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық

агенттігі, Қаржы министрлігі, Алматы қаласының, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуы үшін тиісінше бақылау жасалуын жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 10 қаңтардағы

N 54 қаулысына

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі арасындағы заем (Қала көлігінің жобасы) туралы
Келісімнің шеңберінде қайтарымсыз кредит берудің негізгі
шарттары туралы
Ереже

1. Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі (бұдан әрі - Банк) арасында 40 миллион АҚШ доллары сомасына жасалатын заем (Қала көлігінің жобасы) туралы Келісімнің (бұдан әрі - Заем туралы келісім) шеңберінде қайтарымсыз кредитті алушылар Алматы қаласының, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері (бұдан әрі - Әкімшілік) және Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларының қалалық жолаушылар көлігінің кәсіпорындары (бұдан әрі - Кәсіпорын) б о л м а қ .

2. Қайтарымсыз кредит алушыларға Заем туралы келісімге қол қойылып, күшіне е н г е н н е н к е й і н б е р і л е д і .

3. Қайтарымсыз кредитті алушылар (а) Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларындағы (бұдан әрі - Қала) жолаушы көлігінің мүмкіндігін қалпына келтіруге, (б) көлік саласындағы реформаны қамтамасыз етуге және Қаладағы жолаушылар көлігі секторының жұмысын ұйымдастыруға саятын Қала көлігі жобасының мақсатына өзінің қ о с ы л а т ы н ы н ж а р и я е т е д і .

4. Осы Ереже бекітілгеннен кейінгі екі аптаның ішінде Әкімшілік Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті қабылдаған тұтыну бағаларының индексі немесе Банкіге ыңғайлы кез келген түзетілулі индекс негізінде өзгерген 1993 жылдың 30 маусымы мен осы Ереженің бекітілген күші

арасындағы, инфляцияның қарқынына сәйкес Қаладағы қала көлігімен жүрудің барлық тарифтеріне өзгеріс енгізуі тиіс.

5. Заем туралы келісім шеңберінде қаржыландырылуға жататын жаңа автобустардың жартысы Кәсіпорын тарапынан пайдалануға шығарылған кезде Әкімшілік бір жолаушыға шаққанда пайдалану шығынының 25 процентінен кем болмайтын жолақының жаңа негіздегі түзетілмеген мөлшерін белгілеп енгізуі керек. " Бір жолаушыға шаққанда көлікті пайдалану шығасы" деген термин осы Ереженің 26-тармағында (3) (Б) көрсетілген жобаға қатысушы Кәсіпорынның алдыңғы алты айдың ішінде инфляцияны ескере отырып өзгертілген және сол алты ай ішінде Кәсіпорын тасыған жолаушылардың жалпы санына бөлінген шығынын білдіреді. "Жол жүрудің негізгі және өзгермейтін ақысы" деген термин қандай да бір шегерімге немесе аталған ақыны төлеуден босатылуға құқы жоқ жолаушының төлейтін жол ақысын білдіреді.

6. Әкімшілік Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі Мемлекеттік комитеті қабылдаған тұтыну бағаларының индексі немесе Банкіге ыңғайлы кез келген түзетілген индекстің негізінде өзгертілген инфляция қарқыны асып түсуіне сәйкес әрбір үш айда Қазақстан қала көлігіне тарифтерді түзетіп отырады.

7. Қайтарымсыз кредит алушы 1996 жылғы 31 наурызға дейін Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Банк үшін қолайлы қалпына келтіру жоспарына сәйкес өзінің иелігіндегі және пайдаланудағы автобустар мен троллейбустарды (қажетті босалқы бөлшектермен және материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді қосқанда) қалпына келтіреді.

8. Әкімшілік Үкімет Кәсіпорынға сатып алған автобустарды, жабдықтарды және босалқы бөлшектерді Алматы қаласынан 1995 жылғы 31 наурызға дейін жеткізіп беру міндетін өз мойнына алады.

9. Әкімшілік 1995 жылғы 31 наурызға дейін Қаладағы қоғамдық көлікке сұранымына, оның шығындарына, қол жететіндігіне және тарифтеріне зерттеулер жүргізеді. Осындай зерттеулер жүргізілгеннен кейін кідіртпей Үкімет пен Банктің қарауына осы зерттеулердің барысында жасалған қорытындылар мен ұсыныстардың нәтижелері туралы ақпарат тапсырылуға тиіс. Үкімет пен Банктің осындай зерттеулері мен түсіндірмелері негізінде Әкімшілік 1995 жылғы 30 маусымға дейін: (а) халықтың мейлінше мұқтаж санаттарына ғана жеңілдік тарифтерін беруді қамтамасыз ету үшін халықтың жекелеген топтарын Қалада төлемнен босату немесе оларға тарифтерді төмендету жүйесін; және (б) қалада жолақысын алу мен бақылау жүйелерін қайта қарайды және қажет болған жағдайда өзгертеді.

10. Әкімшілік 1995 жылғы 31 наурызға дейін жобаға қатысатын Кәсіпорынды басқару практикасына зерттеу жүргізеді. Осындай зерттеулер аяқталысымен кідіртпей Әкімшілік Үкімет пен Банктің қарауына аталған қорытындылар мен ұсыныстарға түсіндірмелер жасауға мүмкіндік бере отырып, зерттеудің барысы, өздерінің қорытындылары мен ұсыныстары туралы ақпарат тапсырады. Үкімет пен Банктің

түсіндірмелері негізінде Әкімшілік 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін Кәсіпорын қызметінің басқару мен заңдылық жақтарын қайта қарайды және қажет болған жағдайда өзгертеді.

11. Әкімшілік 1995 жылғы 31 наурызға дейін Қалада жолаушы көлігінің қызмет көрсету нормаларына, рәсімдеріне және лицензиялау тәртіптеріне зерттеу жүргізеді. Осындай зерттеулер аяқталысымен кідіртпей Әкімшілік Үкімет пен Банктің қарауына аталған қорытындыларға түсіндірмелер жасауға мүмкіндік бере отырып, зерттеудің барысы туралы ақпаратты, өз қорытындылары мен ұсыныстары туралы ақпарат тапсырады. Үкімет пен Банктің осындай түсіндірмелер жасауының негізінде Әкімшілік 1995 жылғы 30 маусымға дейін мұндай нормаларды, рәсімдерді және қоғамдық көліктің қызмет көрсетуін лицензиялау тәртібін қайта қарайды және қажет болған жағдайда өзгертеді.

12. Әкімшілік 1995 жылғы 30 маусымға дейін Қалада қоғамдық көлік қызметін көрсету құқығына конкурстық негізде тендерлер ұйымдастыру үшін қажетті шаралар қолданады және осындай шараларды 1995 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қаладағы кемінде екі бағытта жүзеге асырады.

13. 1995 жылғы 1 шілдеге дейін Алматы қаласында жүргізушілер жетіспеуі азаюға тиіс.

14. Кәсіпорын әрбір үш айда Әкімшілікке осы кезең ішіндегі Кәсіпорынның жоспарланған жиынтық табысы оның барлық көздердегі жоспарланған жиынтық шығынынан артыла ма, соны ерекше көрсетіп, инфляцияға түзету енгізе отырып, Кәсіпорынның өндірістік қызметін қамтитын қаржылық жоспар (бұдан әрі - қаржылық жоспар) тапсырады. Осы тармақтағы мәнінде қолданылып отырған "жоспарланған жиынтық шығындар" термині ақылға сиымды негізделген техникалық нормаларды және қызмет көрсету сапасының аз да болса сақталуы жағдайында Кәсіпорынның өндірістік қызметіне қатысты барлық шығындардың сомасын білдіреді; бұған әкімшілік мақсаттарға тиісті техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар, салықтар мен төлемдер, амалсыз қарыз болып қалуға қарсы сақтық шаралары ретінде бөлінетін қаражаттар қосылады, бірақ амортизация және тозу жөніндегі шығындар резерві алынып тасталады.

15. Қаржылық жоспарды алған сәттен кейінгі бір ай ішінде Әкімшілік мұндай қаржылық жоспарды Кәсіпорынның жиынтық табысы оның жиынтық шығынын жабу үшін жеткілікті боларын анықтау үшін тексеруге тиіс. Егер Әкімшілік Кәсіпорынның жиынтық табысы оның жиынтық шығындарын жабуға жетпейтінін анықтаса, атап айтқанда, жиынтық шығындарды жабуды қамтамасыз ету үшін, Кәсіпорынды ай сайын қаржыландыру деңгейін өзгертуді қоса, оларға барлық қажетті шаралар қолданылатын болады.

16. Қайтарымсыз кредит алушылар 1994 жылғы 31 желтоқсанға дейін жәрдем қаржы жүйесін күшіне енгізуді қамтамасыз ету үшін Кәсіпорынның қаржылық жоспарын әзірлеу және қайта қарау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен рәсімдерді

1995 жылғы 31 наурызға дейін қайта қарайды және де қажет болған жағдайда өзгертеді.

17. Әкімшілік Банктің негізделген сұранысы жағдайында жолаушылар көлігінің қызметіне және оны қалада дамыту жоспарларына қатысты бүкіл ақпаратты кідіртпей т а б ы с е т е д і .

18. Әкімшілік әзірленген немесе Әкімшіліктің Банкке жіберген барлық есептері, ұсыныстары немесе құжаттары жөнінде кідіртпей Үкіметті хабардар етіп отырады және де қажет болған жағдайда Үкіметке олардың көшірмелерін түсіреді.

19. Қайтарымсыз кредит алушы тиісінше тауарлар мен қызмет көрсетулердің пайдаланылуына, осы Ережеге қатысты Жалпы шарттардың 9.05, 9.06, 9.07 және 9.08 Бөлімдерінде баяндалған жоспарлар мен кестелерге, есеп-қисап және есеп беру құжаттарына байланысты міндеттемелерді кідіртпей орындайды.

20. Кәсіпорын тәуекелге қарай белгілі бір практикаға сәйкес келетін сомаға сақтандыру қағазын сенімді сақтандыру компаниясынан сатып алып, қолында с а қ т а й т ы н б о л а д ы .

21. Әкімшілік тоқсан сайын Жобаның іс жүзінде орындалу барысы туралы Үкіметке қаржылық есеп беріп, ақпарат табыс етіп отырады.

22. Әкімшілік Жобаға немесе осы Ереженің шарттарына қол сұғу қаупін төндіретін не оның орындалу барысына кедергі келтіретін барлық жағдайлар туралы Үкіметке кідіртпей х а б а р л а й т ы н б о л а д ы .

23. Қайтарымсыз кредит алушы белгілі бір бухгалтерлік тәжірибеге сәйкес қызметті , Жоба бойынша қолда бар ресурстар мен шығындарды бірдей қамтып көрсететін құжаттардың есебі мен бухгалтерлік есепті жүргізетін болады.

24. Қ а й т а р ы м с ы з к р е д и т а л у ш ы :

а) Банк үшін ыңғайлы, тәуелсіз аудиторлық фирмалар ұдайы қолданатын тиісті аудит принциптеріне сәйкес әрбір қаржылық жыл бойынша есеп құжаттары мен бухгалтерлік есепшотты тексеру ісін жүргізетін болады;

б) әрбір қаржылық жыл аяқталған соң келіп түсуіне қарай, бірақ кез келген жағдайда әрі кеткенде алты ай сайын (А) мұндай тексеру жүргізілген Кәсіпорынның бір жылдық қаржылық есеп беруінің тексеруден өткен куәландырылған көшірмелерін және (Б) Банк сұрау салуы мүмкін оңтайлы көлемде және егжей-тегжейлі түрде аталған аудиторлық фирмалардың тексергендігі туралы есеп беруді Үкімет пен Банкке табыс е т е т і н б о л а д ы ;

в) аталған есеп құжаттары мен бухгалтерлік есеп шоттары туралы кез келген ақпаратты, сондай-ақ Банк мезгіл-мезгіл негізді түрде талап етуі мүмкін олардың аудитін Үкімет пен Банкке табыс ететін болады.

25. Шығыс ведомостілері негізінде Заемдық есеп шоттан қаражат алу жүзеге асырылған бүкіл шығындарға кредит алушы:

а) осы Ереженің 23-тармағына сәйкес мұндай шығындар көрініс табатын есеп

құжаттары мен бухгалтерлік есеп шоттарын жүргізетін болады;

б) Заем туралы ұсынылған Келісім белгілегендей Заемдық есеп шоттан соңғы рет қаражат алу жүргізілген немесе Арнайы шоттан төлем жүзеге асырылған қаржылық жылдағы аудиторлық есеп беруді Банкіге жолдағаннан кейін мұндай шығындарды айғақтайтын барлық есеп құжаттарын (контрактілерді, тапсырыстарды, шот-фактураларды, накладнойларды, басқа да құжаттаманы) бір жыл бойы сақтайтын болады ;

в) Банк өкілдерінің мұндай есеп құжаттарын тексеруіне жәрдемдесетін болады;

г) Қаржылық жыл ішінде табыс етілетін шығыс ведомостілеріне сенім артуға болу-болмайтындығы туралы аталған аудиторлық фирмалардың жекелеген қорытындылары бар, осы Ереженің 24-тармағында айтылғанындай, мұндай есеп құжаттары мен бухгалтерлік есеп шоттарды, сондай-ақ оларды дайындау кезінде қаражатты алуға байланысты айғақтама үшін пайдаланылатын ішкі шаруашылық бақылаудың рәсімдері мен әдістерін жыл сайынғы аудиторлық есеп беруге енгізуді қамтамасыз ететін болады .

26. (а) Егер Банк өзгеге келіспесе, Кәсіпорын қандай да болсын борышты алмайтын болады, осындай сатып алудың нақ қарсаңында, немесе аталған борышты алу күнімен аяқталатын соңғы он екі айлық кезеңде Кәсіпорынның қаржылық жыл ішіндегі таза табысы Жобаға қатысушы Кәсіпорынның ең толымды қажеттеріне шаққанда кем дегенде екі есе көп болмаған ретте ол осындай шараға барады.

(б) Осы тармақтың мақсаты үшін:

(1). "Борыш" термині жобаға қатысушы Кәсіпорынның кез келген қарыз алуын білдіреді, оның өтелу мерзімі ең бастапқы жолы алынған күннен бастап кемінде бір жылдан аса уақытқа созылады ;

(2). (А) Борыш заем туралы контракт немесе келісім шеңберінде немесе осындай борыштың болуын көздейтін басқа бір заемдік тетік шеңберінде немесе аталған контракт, келісім яки тетік жасасылған күнге оның өтелу мерзіміне; және (Б) осындай кепілдікті көздейтін келісімге қол қойылу күніне кепілдік туралы келісім шеңберінде борыш алынған деп есептеледі .

(3) . "Таза табыс" термині :

(А) Жобаға қатысушы Кәсіпорынның қарыз алған сәтте қолданылып отырған бағасын, бұл баға он екі ай кезең бойы қолданылмағанына қарамастан, есепке алу үшін оның негізгі өндірістік-шаруашылық қызметіне түзету енгізуге байланысты барлық қаржы көздерінен түсетін қаражат пен негізгі қызметтен алынатын таза табысты қосқандағы соманың ;

(Б) әкімшілік қызметті қоса алғанда негізгі өндірістік-шаруашылық қызметке байланысты барлық шығындардың сомасы, бұдан тиісті техникалық жағынан қамтуды, салықтар мен төлемдерді, амортизациялық төлемдерді, өзге де қолма-қол ақшасыз жұмсалған өндірістік шығындар мен проценттерді, сондай-ақ өзге де берешек

төлемдерді шығарып тастамағандағы соманың арасындағы айырманы білдіреді.

(4) "Негізгі қызметтен түсетін таза табыс" термині:

(А) негізгі өндірістік-шаруашылық қызметке жататыннан басқа барлық қаржы көздерінен алынатын табыстар;

(Б) табысты қамтамасыз ету барысында жұмсалатын салықтар мен төлемдерді қоса алғандағы шығындар арасындағы айырманы білдіреді;

(5) "Борыштық міндеттемелерді өтеу қажетті" термині борышты өтеу (өтем қорына төлемдер болған ретте оларды да қоса алғанда), сондай-ақ ол бойынша проценттер мен басқа да төлемдерді өтеу жиынтығын білдіреді;

(6) Осы тармақтың мақсаты үшін шетелдік валютамен төленетін борышты Қазақстанның ұлттық валютасымен бағалау қажет болатын жағдайлардың бәрінде де, осындай борышты өтеу үшін шетелдік валюта сатып алу ісі айырбастың ресми бағамынан артық төлеу негізінде, немесе мұндай бағам болмаған ретте, Банкіге ыңғайлы айырбастау бағамы негізінде жүзеге асырылады.

27. Егер Қайтарымсыз кредит алушы осы Ереженің қандай да болсын талабын орындамаса және Үкімет тарапынан хабарланған соң да 60 күн бойына талапты орындамауын соза берсе, онда аталған мерзім өтісімен Үкімет өз қалауымен Алушының қайтарымсыз кредит алуға деген құқығын тоқтата немесе жоя алады.

28. Егер Келісім мен заем шеңберінде Үкіметтің Заем есеп шотынан қаржы алу құқығын Банк тоқтату немесе жою себептеріне қарамастан, ішінара немесе толығымен тоқтатса немесе жойса, онда қайтарымсыз кредит беру де осы Ережеде баяндалған шарттарға орай сол мерзімге сондай түрде әрі бір мезгілде ішінара немесе толығымен тоқтатылады немесе нақты жағдайға қарай жойылады.

29. Егер заем туралы Келісімге орай және Қайтарымсыз кредит алушының міндеттемелеріне байланысты қандай да болсын бір оқиға кездессе және Банк әлі де өтеліп бітпеген банкі заемының негізгі сомасын дереу төлеу қажет деп жарияласа, онда осындай оқиға орын алып отырған кезеңнің кез келген сәтінде Үкімет Қайтарымсыз кредит алушыны хабардар етеді де, осы Ереженің қандай да болсын шарттарына қарамастан, өз қалауымен қайтарымсыз кредитті тоқтатады немесе жояды.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 10 қаңтардағы
N 54 қаулысына
N 2 қосымша

Қайтарымсыз кредитті алушылардың арасында
тауарлар мен қызмет көрсетуге қаражатты
алдын ала бөлу

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 10 қаңтардағы
N 54 қаулысына
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қарағанды,
Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы
әкімдерінің қалалық жолаушылар көлігі саласындағы
саясат пен іс-қимылының жоспары туралы
М Ә Л І М Д Е М Е С І

Қалалық жолаушылар көлігіндегі тарифтер

1. Үкімет саясаты шығындарды өтеудің жергілікті салықтар шығындардың негізгі бөлігін жабатын қазіргі жүйесінің жолаушылардың жүру ақысынан түскен түсімдер пайдалану шығындарының барған сайын өсетін үлесін жабатын жүйе жағына қарай ойысуға саяды. Осы саясат шеңберінде Үкіметтің мақсаты кәдімгі жолаушылар билетінің бағасын, мүмкіндігінше, бір жолаушыны тасымалдауға кететін пайдалану шығындарына барабар (инвестициялық шығындарды қоспағанда) деңгейде жедел белгілеу болып отыр. Осы мақсат үшін халықтың орташа табысын және әсіресе тағам өнімдері мен басқа да негізгі тауарлардың бағасын ескере отырып, инфляция қарқынынан асырыла билеттің бағасы біртіндеп арттырылатын болады. Әзірге 1993 жылы жол ақысының өсуі нәтижесінде қол жеткен ілгерілеушілік инфляцияның жоғары деңгейімен жоққа тән болмауы үшін Үкімет Банкпен келісілуге тиісті жергілікті баға индексіне, мәселен, тұтыну индексіне сәйкес осындай ақыны индекстеу жөнінде шұғыл шаралар қолданады.

2. Үкімет 1995 жылғы 30 маусым Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларындағы кәдімгі жолаушы билетінің бағасы жолаушының бір жолғы жүрісінің пайдалану шығындарының 55 процентіне (инвестициялық шығындарды қоспағанда) тең болады деп жорамалдайды. Осы және басқа да мақсаттарға жетуге көмек көрсету үшін Үкімет Алматыда, Қарағандыда және Шымкентте қоғамдық көлікке сұранысты, шығындар мен

тарифтерді зерттейді. 1995 жылғы 31 наурызда аяқталуға тиісті зерттеулер, атап айтқанда, шығындарды орташа және ұзақ мерзімді перспективада өтеу мерзімдері мен дәрежесіне орай негізгі принциптерді тұжырымдауға бағытталатын болады. Аралық шара ретінде Үкімет белгіленіп отырған жоба шеңберінде (1994 жылдың басы - орта кезі) қаржыландырылған автобустарды әр қалада пайдалануға тапсыру кезіндегі бір жолаушының жол жүруінің пайдалану шығындарының 25 процентін (инвестициялық шығындарды қоспағанда) жабу үшін жол жүру ақысын арттырады.

3. Жол жүру ақысынан босату немесе оны халықтың арнайы топтары үшін кеміту жүйесі талданады және қажет болған жағдайда жол ақыны төлеудің арнайы түрлері адамдардың неғұрлым мұқтаж топтарымен және тек солармен шектелуі үшін қайта қаралады. Сондай-ақ жол жүру ақысын жинау жақсартылып, бақылаудың неғұрлым пәрменді жүйесі құрылады. Осы мақсаттар үшін 1995 жылғы 31 наурызға дейін зерттеу жүргізіледі және жүргізілген зерттеу нәтижесінде қажет болып табылған шаралар 1995 жылғы 30 маусымға дейін жүзеге асырылады.

С у б с и д и я л а р

4. Үкімет саясатты қаланың жолаушылар көлігі кәсіпорындарына ("кәсіпорындар") ақылға қонымды техникалық стандарттар мен қызмет көрсетудің ең төменгі деген ыңғайлы деңгейі шеңберінде жұмыс істеуі үшін жеткілікті мөлшерде қаражат бөлінуін көздейді. Бұл үшін жергілікті өкімет органдары қаланың жолаушылар көлігін қаржыландыру мақсатымен арнайы алымдар енгізуге өкілеттік алды.

5. Кәсіпорындардың ағымдағы пайдалану және инвестициялық шығындарына қарай оларға ай сайын қаражат бөлініп отырылады. Ай сайын инфляцияны, қызмет көрсетудің келісілген деңгейін, тиімділікті келісе отырып арттыруды (мәселен, техникалық қызметті жақсы көрсету, отынды пайдалануды және қызметкерлердің штат құрамын қысқарту есебінен) ескере отырып, пайдалану шығындарының бюджеті ай сайын түзетіледі. Жобаға қатысатын кәсіпорындардың жұмыс нәтижесін жақсартуға бағытталатын көрсеткіштер келіссөздер барысында Банкпен келісіп, осы Мәлімдемеге қосымша ретінде берілетін болады. Инвестициялық бюджеттер кәсіпорындардың автопаркін және қызмет көрсету сапасын қолдауға және арттыруға қажет ақылға қонымды нормаларға сәйкес қажетті жабдықтарды жетілдіру мен жаңартудың келісілген стратегиялық жобаға орай жыл сайын әзірленіп мақұлданады. Осы мақсаттар үшін кәсіпорындар пайдалану мен күрделі шығындарының өз бюджеттерін әзірлеудің әдістемесі мен рәсімін 1994 жылғы 31 желтоқсанға дейін қарайды. Жергілікті өкімет органдары субсидиялар беру мен олардың ұсыныстарындағы сұраныстарға талдау жасау рәсімін де 1994 жылғы 31 желтоқсанға дейін қарайды. Бұдан соң субсидиялардың ұқсас жүйесін 1995 жылғы 31 наурыздан бастап қолдану үшін іле-шала шешімдер қабылданады.

Қаланың жолаушылар көлігі кәсіпорындарына басшылық жасау және кәсіпорындар мен Үкімет арасындағы контракттылық қатынастар

6. Үкімет саясаты кәсіпорындардың өз өндірістік қызметі мен техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен өткізу, босалқы бөлшектер, ресурстар мен материалдар сатып алу, қаржы операциялары мен жеке мәселелер (кәсіпорындардың иелері, жергілікті өкімет органдары белгіленген стратегиялар мен негізгі принциптер шеңберінде) жөніндегі шешім атаулыны қабылдағанда тәуелсіз әрі еркін болуын көздейді. Кәсіпорындардың негізгі міндеттері, олардың қызметі мен жалпы ұйымдастырылуының принциптері көрсетілген егжей-тегжейлі жарғы жасалатын болады. Сондай-ақ жергілікті өкімет пен кәсіпорындардың басшылығы арасындағы егжей-тегжейлі контракт жасалады, онда кәсіпорындардың міндеттері көліктік қызмет көрсету (бұл әсіресе маршруттарға және қозғалыс жиілігіне қатысты) және тиімділік тұрғысынан сипатталады. Сондай-ақ автокөлік кәсіпорындарының басшылығы мен ағымдағы қызмет көрсету және жөндеу базаларының басшылары арасында осы тектес контракттар жасалады. Аталған мақсаттарға қаншалық қол жеткендігі келісілген көрсеткіштер мен берілген шамалардың көмегімен айқындалады және жоғары басшылар мен базалар басшылығының еңбек ақысының бір бөлігі осы мақсатқа қол жеткізуіне қарай белгіленетін болады.

7. Жоғарыда аталған саясатты сипаттау, Қазақстандағы құқықтық құрылымдағы өзгерістерді (әсіресе мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлеу туралы заңдар мен ережелерді) есепке алу, өзгертуге болатын міндеттерді қосу, кәсіпорындардың есеп-қисабына, сондай-ақ олардың қызметіне бақылау жасау рәсіміне қойылатын талаптарды ретке келтіру үшін кәсіпорындардың құқықтық мәртебесі, қолданылып жүрген жарғылары мен контракттары да қайта қаралады. Сонымен қатар атқарушы биліктің қалалық және облыстық органдарының кәсіпорындарды қадағалауды жүзеге асырудағы әлеуеті жетілдірілетін болады. Осы мақсаттар үшін 1995 жылғы 31 наурызға дейін зерттеу жүргізілмек және осыдан кейін мүмкіндігіне қарай ұқсас жарғыларды тәжірибелік негізде 1995 жылғы маусым мен қараша аралығында пайдалану мүмкін болуы және олар 1996 жылғы 1 қаңтарда күшіне ене алуы үшін басқару жүйесін және контракттылық өзара қарым-қатынастарды жетілдіру жөнінде шаралар жүзеге асырылады.

Бәсекелестік және жеке меншікті компаниялардың қоғамдық көлік қызметін қамтамасыз етуі

8. Үкімет саясаты қала көлігінің қызмет көрсетуін қамтамасыз етудегі нақты

бәсекелестікті кеңейтуді және осындай қызметті балама түрде ұсынушылардың көбеюін ынталандыруды көздейді. Қызметкерлердің қандай да бір түрін көрсетуге ықылас танытқан кез келген тұлға немесе компания қызмет қауіпсіздіктің және экологиялық ұлттық нормаларына сай келген жағдайда оған рұқсат алады, ал мұндай тұлға немесе компания өздерінде кәсіптік мүмкіндіктердің ең төменгі деңгейінің бар екендігі жөнінде дәлелдер келтіре алады. Ешқандай

шектеу болмайды, ал тарифтерді аталған қызметтерді ұсынған тұлғалар еркін белгілейді. Бұл мақсаттар үшін Үкімет өз нормалары мен лицензиялау тәртібін, сондай-ақ тиісті ережелер мен қағидаларды 1995 жылғы 31 наурызға дейін талдаудан өткізеді және осыған орай 1995 жылғы 30 маусымға дейін қоғамдық көлік жөніндегі конкурстық сатымдарды жүргізуге қолайлы шараларды қабылдайды. 1995 жылғы 31 желтоқсанға дейін осындай сатымдарға Алматыдағы, Қарағандыдағы және Шымкенттегі екі маршрут тәжірибелік тәртіппен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қарағанды облысы әкімінің
бірінші орынбасары

Оңтүстік Қазақстан
облысы әкімінің
бірінші орынбасары

Алматы қаласы
әкімінің орынбасары

Толықтыру

Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларының қоғамдық
көлік кәсіпорындары үшін жоспарланған өндірістік қызметтің
көрсеткіштері

!	Жоспар	
Қалалық көлікке арналған	!	_____
өндірістік қызметтің	!	1995 жылғы ! 1996 жылғы

Жұмыс істейтін әрбір көлік құралымен
бір тәулікте тасымалданатын
жолаушылар саны

1 ! 2 ! 3

Автобустар:

Алматы	1200	1200
Қарағанды	1350	1350
Шымкент	1200	1200

Троллейбустар:

Алматы, Шымкент	1000	1000
-----------------	------	------

Жұмыс істейтін әрбір көлік құралының
километрге шаққанда бір тәуліктегі
жолының ұзақтығы:

Автобустар	220	240
Троллейбустар	190	220

Қолда бар көлік (паркте бар көліктермен
салыстырғандағы жұмыс істейтін көліктердің
проценті):

Автобустар	70	80
Троллейбустар	80	90

Бұзылған көліктердің жұмыс істейтіндерімен
(автобус, троллейбус) салыстырғандағы
проценті

12 10

Әрбір көлік құралына қызмет көрсетушілердің
саны (әкімшілік қызметкерлерін, техниктер
мен жүргізушілерді қоса алғанда)

4 4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК